

«МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЕЛІМІЗДІҢ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН НЫҒАЙТУ ІСІНЕ БАРЫНША КҮШ САЛУДЫ ТАПСЫРДЫ. КӘСІБИ МАМАНДАР КЕЗ КЕЛГЕН САЛАНЫҢ ТАБЫСТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ».

Марат ҚАРАБАЕВ,  
Қазақстан Республикасының Көлік министрі



№44 (2974)  
24/05/2024

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## ӘРІПТЕСТІКТІҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сингапурға мемлекеттік сапары аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ, PSA, Kpmc Ltd және G-trans Service арасында одан әрі ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

Ұлан ОРАЗ,  
Астана

ҚТЖ және PSA Қазақстанның көлік-транзиттік әлеуетін дамыту жөніндегі стратегиялық әріптестікті жалғастырады, оның шеңберінде ТХКБ-ны дамыту үшін KPMc Ltd бірлескен кәсіпорны құрылды. Сондай-ақ PSA тобының құрамына кіретін Global DTC Pte Ltd компаниясымен бірлесіп, тасымалдау құжаттарының жіксіз алмасуын қамтамасыз ететін және Қазақстанды халықаралық жүк жөнелтушілер үшін тартымды ететін цифрлық көлік дәлізі әзірленді.

Қол қойылған құжат ҚТЖ мен PSA өзара іс-қимылын кеңейтуге бағытталған. Тараптар Қытайда жұмыс істейтін екі компанияның да активтерінің синергиясы есебінен ҚР арқылы жүк транзитінің көлемін ұлғайту бойынша күш біріктіруге уағдаласты. Бүгінгі таңда ҚТЖ Қытайда Сиань қаласының құрғақ портында және Ляньюньган қаласының теңіз портында теміржол терминалдарымен жұмыс істейді. PSA компаниялар тобының активтеріне 6 порттағы теңіз терминалдары, 13 қаладағы теміржол терминалдары кіреді.

Мемлекет басшысының айтуынша, географиялық алшақтық пен байланыстың нашарлығы ұзақ жылдар бойы екі мемлекеттің экономикалық ықпалдастығын тежеп келді. Бүгінде жаһандану мен дамыған инфрақұрылымның арқасында елдер арасындағы өзара байланыс бұрынғыдан әлдеқайда жақсарды. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев отандық «Қазақстан темір жолы» компаниясы мен сингапурлық



PSA International компаниясы арасындағы Транскаспий халықаралық көлік бағытының немесе «Орта дәліздің» әлеуетін пайдалануға бағытталған синергиялық серіктестікті мысалға келтірді.

– Аталған бағыт Еуразия кеңістігіндегі ынтымақтастықты мүлдем жаңа деңгейге шығара алады. Бұл – Орталық және Шығыс Азиядан Еуропаға шығатын ең төте әрі орнықты жол. Сингапур компаниялары мен қаржы институттары бұл саладағы бизнес пен инвестицияның мүмкіндіктерін зерттеп, айтарлықтай пайдаға кенеле алады деп санаймыз. Вьетнамдық

SOVICO Group компаниясының Qazaq Air авиакомпаниясын жекешелендіруін құптаймын. Бұл Қазақстан мен АСЕАН елдері арасындағы әуе қатынастарын жандандыруға мүмкіндік береді, – деді Қазақстан Президенті.

Меморандум сондай-ақ «Алматы агломерациясындағы индустриялық және көлік хабы» жобасы шеңберінде Жетіген станциясындағы теміржол терминалын дамытуды көздейді. Жобаны іске асыру мүмкіндігін KPMc Ltd және G-trans Service қазақстандық көлік-логистикалық компаниясы зерттейді.

Сурет akorda.kz сайтынан алынды

### В НАМЕЧЕННЫЕ СРОКИ



Строительство железной дороги в обход Алматы идет в соответствии с графиком. Новая ветка Жетыген – Казыбек-бек позволит разгрузить на 40% Алматинский железнодорожный узел и сократить время доставки грузов на 1-2 дня.

Протяженность главных путей составляет 73 километра. Включая развитие новых отдельных пунктов, станций железнодорожники уложат 123 километра рельсопальной решетки.

Работы развернуты на всем протяжении будущей магистрали. На данном этапе ведутся земляные работы, общий объем которых составит свыше 6,2 миллиона кубических метров. Возводятся мосты, устанавливаются водопропускные трубы.

Как отметили в Дирекции по реализации крупных проектов АО «НК «ҚТЖ», проект является технически непростым. Из-за сложного рельефа местности на некоторых участках устанавливаются косогорные водопропускные трубы.

Для строительства опор мостов разрабатываются глубокие выемки. На сегодняшний день ведутся работы по возведению шести мостов и 12 труб. Всего в процессе строительства будет установлено 48 труб различной конфигурации, возведено 13 мостов и шесть путепроводов.

Среди крупных искусственных сооружений – мосты через реку Каскелен и над автомагистралью Алматы – Усть-Каменогорск.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ

### СЕЛЕКТОРЛЫҚ ЖИЫН ӨТТІ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ Бас инженері-техникалық саясат департаментінің директоры Рамазан Садырқұловтың төрағалығымен өткен селекторлық жиында Жамбыл өңіріндегі салалық комиссиялық байқаудың қорытындысы шығарылды.



Комиссиялық тексеру барысында филиалдың қысқы кезеңнен кейінгі жазғы жұмысқа дайындығы жан-жақты тексерілді. Инфрақұрылымның, жылжымалы құрамның, өндірістік-техникалық объектілердің, қызметтік өткелдердің, перрондардың жай-күйі, қызметкерлерді арнайы киіммен, техникалық құралдармен қамтамасыз ету көрсеткіші, т.т. назарға алынды.

Жиында Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі мен Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіне қарасты мекемелерде аталған талаптардың орындалуы, қозғалыс қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайы баяндалды. Комиссия мүшелері анықталған кемшіліктер мен атқарылған жұмыстардың қорытындысын баяндады. Магистральдық желі дирекциясының бас инженері К.Орынбаев, «Жолаушылар тасымалы» АҚ бас инженері К.Канапин анықталған кемшіліктер мен олардың себеп-салдарына тоқталды.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Вагон шаруашылығы департаментінің бас инженері Нұрлан Кенесаров, «ТЖС» техникалық саясат департаментінің директоры-бас инженері Г.Жайлғанов, т.б. жауапты мамандар қауіпсіздіктің сақталуы, еңбек қорғау мәселесі, штат санының жинақталуы, қызметтік маршруттардың жай-күйі, т.т. жайттарға тоқталды. Жол төсемдері мен «қызметтік өту» көрсеткіштері де сөз болды.

Магистральдық желі дирекциясы филиалдың жолдар және құрылыстар департаментінің, Автоматика, телемеханика және телекоммуникация, Электрмен жабдықтау және электрлендіру, Инфрақұрылым қауіпсіздігі, Қалпына келтіру және өрт сөндіру пойыздар бөлімі департаменттерінің бас менеджерлері сөз алып, әрқайсысы өзінің салалық бағыты бойынша тексеру қорытындыларын баяндады.

Жалпы тексеру кезінде бұрын анықталған ақаулар мен ескертулерді жою барысына мониторинг жасалған екен. Жиында мониторинг нәтижесі де шығарылды.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА, Жамбыл

## Брифинг

### ОБЕСПЕЧИТЬ КОМФОРТ И БЕЗОПАСНОСТЬ В ПУТИ

Предстоящим летом национальный перевозчик запустит женские вагоны еще на трех направлениях: Астана – Семей, Актобе – Алматы и Алматы – Шымкент. Таким образом, поезда с женскими вагонами будут курсировать по 11 маршрутам.

Любовь РОВБА,  
Астана

Об этом сообщалось на брифинге по текущей деятельности АО «Пассажирыские перевозки» и организации летних перевозок на 2024 год, который прошел вчера в Астане.

К настоящему моменту национальный перевозчик обслуживает 97 из 138 железнодорожных пассажирских маршрутов в Казахстане и уделяет особое внимание обновлению подвижного состава, обеспечению безопасной и комфортной перевозки всех категорий пассажиров и багажа.

За последние 10 лет компания приобрела около 1,5 тысячи современных вагонов, в том числе за 2023 года – свыше 150 вагонов. Кроме того, в течение 2024-2025 годов ожидается поставка еще 157 вагонов. А к 2023 году парк национального перевозчика обновился на 700 вагонов, 537 из них – производства «Штадлер Казахстан».

– На сегодняшний день средний возраст нашего вагонного парка составляет 17 лет, при этом 45% от общего парка – вагоны младше 10 лет. Компания при поддержке Правительства ведет планомерную работу по обновлению подвижного состава, и уже к 2030 году ожидается, что средний возраст наших вагонов снизится до



13 лет, – сообщил на брифинге генеральный директор АО «Пассажирыские перевозки» Жанибек Тайжанов.

Количество вагонов старше 20 лет, в которых конструкционно не предусмотрены системы кондиционирования поездов будет сокращаться с 30% до 5-7% от общего парка. За прошлый год произведено списание порядка 200 таких вагонов, до 2026 года планируется списать еще 260 вагонов.

Говоря о перевозках в предстоящий летний сезон, Жанибек Тайжанов подчеркнул, что этот период традиционно является пиковым, поэтому наряду с оборудованными кондиционерами вагонами (1567 единиц) при формировании поездов будут задействованы и 489 вагонов старой конструкции, без кондиционеров. Однако использовать их планируется для перевозок в ночное время либо в более холодных регионах.

Что касается одного из самых востребованных туристиче-

ских направлений – к озеру Алаколь, все курсирующие до побережья поезда национального перевозчика на 100% будут сформированы из вагонов, оборудованных системой кондиционирования. При этом количество предельно увеличится по сравнению с прошлым годом на 16 тысяч – до 270 тысяч. Всего до Алаколя планируется запуск поездов по 12 маршрутам из Астаны, Алматы, Восточно-Казахстанской и Абайской областей, а также впервые – из Кызылорды. По 10 маршрутам будут следовать поезда АО «Пассажирыские перевозки», по двум другим – составы частных перевозчиков. Стоимость на железнодорожные билеты будет в среднем на 3-5 тысяч ниже, чем у авиаперевозчиков.

Кроме того, АО «Пассажирыские перевозки» приняло решение запустить этим летом женские вагоны еще на трех маршрутах: № 354/353 «Астана – Семей», №24/23 «Актобе – Алматы» и № 25/26

«Алматы – Шымкент». Таким образом, поезда с женскими вагонами будут курсировать по 11 маршрутам.

В целом за отпускной период 2024 года поездами наперевозчика планируется перевезти более 4,2 миллиона пассажиров. В прошлом году этот показатель составил 3,8 миллиона человек.

Принформировал Жанибек Тайжанов также о предоставляемых сервисных услугах, в том числе для лиц с ограниченными возможностями, организации перевозок населения из пострадавших во время паводков районов, обучения персонала, текущей деятельности национального перевозчика и стратегических целях.

Консультационные услуги и экспертную поддержку по достижению целей и внедрению улучшений в бизнес-процессы АО «Пассажирыские перевозки» с прошлого года предоставляет специалисты дочернего предприятия крупнейшего железнодорожного концерна Deutsche Bahn AG – DB Engineering & Consulting GmbH. Так, DB окажет поддержку по реализации интермодальных перевозок и развития ХАБ-систем, внедрению лучших мировых практик по маркетингу, сервису и продажам, обновлению подвижного состава для повышения качества услуг и удобства для населения страны.

Исполнительный директор Deutsche Bahn Engineering & Consulting по проекту пассажирских перевозок в Казахстане Франтишек Буреш проинформировал об опыте работе немецкой железной дороги и сотрудничестве с АО «НК «ҚТЖ». Он высоко оценил Программу развития железнодорожного транспорта Республики Казахстан до 2029 года, подчеркнув, что этот путь является «единственно верным».

Фото Александра ЖАБЧУКА



Елдос ТОКБЕРГЕНОВ,  
директор департамента организации  
ремонта локомотивов ТОО «ҚТЖ –  
Грузовые перевозки»:

ПРЕДЪЯВЛЯЕМЫЕ НАМИ ТРЕБОВАНИЯ – ЭТО ГОТОВНОСТЬ ЛОКОМОТИВОВ НА СЕРВИСНОМ ОБСЛУЖИВАНИИ НЕ МЕНЕЕ 95%, ПОСТОЯННОЕ УЛУЧШЕНИЕ КАЧЕСТВА РЕМОНТА ЗА СЧЕТ УСТАНОВКИ НОВЫХ ЗАПАСНЫХ ЧАСТЕЙ И КОМПЛЕКТУЮЩИХ, МОДЕРНИЗАЦИИ РЕМОНТНЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ И КВАЛИФИЦИРОВАННЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ ПО РЕМОНТУ ЛОКОМОТИВОВ

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ДОСТЫҚ-МОЙЫНТЫ  
ТЕМІРЖОЛ УЧАСКЕСІНДЕ  
ЖҮРІП ЖАТҚАН ЕКІНШІ  
ЖОЛДАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫНА

450

АСТАМ АРНАЙЫ ТЕХНИКА  
ЖҮМЫЛДЫРЫЛҒАН.

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ҚТЖ  
БОЙЫНША

347

ЛОКОМОТИВКЕ  
БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ  
ОРНАТЫЛҒАН.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ФИЛИАЛЫ  
– МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ  
ДИРЕКЦИЯСЫНДА

21 200

АДАМ ЕҢБЕК ЕТЕДІ.

№44 (2974) 24/05/2024

## МОДУЛЬДІ ҒИМАРАТҚА КӨШТІ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,  
Атырау



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

Қиғаштан Сағызға дейін, Мақаттан Бейнеуге дейін 850 шақырымды құрайтын Атырау темір жолы бойында 58 шағын разъезд бар. Олардың көбінде жарты ғасырға жуық қызмет етіп, тозығы жеткен, әбден ескірген ғимараттар тұр. Оларды жаңарту – кезек күттірмейтін мәселе.



Өйткені ескінің аты ескі, қолдануға қауіпті. Опырылып құлауы мүмкін, шұрық-тесік шатырынан су кетеді немесе өрт қаупі бар, т.т.


– Осындай келесіздіктерді болдырмау мақсатында Компания ескі разъездерді біртіндеп модульді ғимараттарға көшіруді бастады. Қазіргі уақытта апатты жағдайда тұрған, Құлсары-Бейнеу учаскесі аралығындағы №465 және №467 разъездер жаңа модульді ғимаратқа көшірілді. Алға қарай мұндай жұмыстар жалғасын табады. Ал ескі ғимараттар әуелі есептен шығарылып, сосын демонтажға жіберіледі, – дейді Атырау магистральдық желі директорының бірінші орынбасары Аманқос Жылқыбаев.

Байқағанымыз, модульді үйдің көлемі бұрынғыдан әлдеқайда үлкен. Мұнда кезекшінің бөлмесі, бүкіл байланыс құралдары, СОБ, электр құрылғылары автоматтандырылған, сондай-ақ тамақтанатын және демалыс бөлмелері, тоназытқыш, теледидар да бар. Аталған бекеттер жаңа орынға толықтай көшіріліп, қолданысқа енгізілген, толыққанды жұмыс жасап тұр. Сонымен қатар ғимарат алды абаттандырылып, брусчаткалар төселіп, ағаштар отырғызылып, айналасы абаттандырылған. Разъезде ауысыммен 4 кезекші жұмыс істейді.

Суретті түсірген автор

## КӘСІБИ БАҒДАР БЕРІЛДІ

Азамат ҚҰЛЫМБЕТ,  
Сексеуіл



ЭКСПЕРТИЗА

Қазақстан темір жолының 120 жылдық мерейтойына орай Сексеуіл локомотив пайдалану депосында тамаша бір шара өтті.



Сексеуіл кентіндегі орта мектептің 10-сынып оқушылары ұстаздары Ерболат Төлегенов пен Болатбек Қылышбаевтың жетекшілігімен локомотив депосына келіп, қосымша бағдар алды. Оларды қарсы алған депоның қасиетті аумағын Нұрлан Жұмқанов цехтарды аралап, тепловоздардың түрлерімен таныстырып, депо тарихына шолу жасап, естелік кітапшалар таратып және оқушылардың сауалдарына жауап берді.

– Кәсіп таңдауда үлкен мән бар. Болашақ кәсібін жаңылмай тапқан азамат елге де, өзіне де, отбасына да пайда әкеледі. Депоға келіп біздің жұмысымызға қызығушылық танытқан түлектерге бағыт-бағдар беріп, локомотив маманы, машинист болудың қыр-сырын таныстырдық. Кім біледі, олардың арасынан болашақта талай теміржолшы шығар, – дейді кәсіподақ ұжымының төрағасы Нұрлан Жұмқанов. Болашақ кәсібін таңдауға талпынған түлектер кездесуден зор әсер алып, депо қабырғасында естелік суретке де түсіп үлгерді.

Суретті түсірген автор

## ҚАРАЖАТ АУДАРДЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА,  
Ақтөбе




КӨМЕК

Тасқыннан зардап шеккендерге еліміздегі ірі компаниялар қаржы аударып жатыр. Ақтөбе рельс-арқалық зауыты да бұл қатардан табылды. Олар тасқыннан зардап шеккендерге 22 млн теңге аударды.

Тасқыннан зардап шеккендерге гуманитарлық көмекпен қатар қаржылай да жәрдем беру жұмыстары жалғасып жатыр. Олардың қатарында қарапайым тұрғындардан бастап, ірі кәсіпорындар, ұлттық компаниялар мен мемлекеттік және жекеменшік қайырымдылық қорлар бар. «Қатқол» қайырымдылық қорының хабарлауынша, қазіргі уақытта 774 млн теңгеден аса қаржы жиналған. Елдегі жағдайға бей-жай қарамай, халық басына түскен сын сағатта сырт айналмаған барша отандастар мен ірі кәсіп иелеріне қайырымдылық қоры алғысын білдірді. Олардың қатарында 22 500 000 теңге аударған Ақтөбе рельс-арқалық зауыты бар.

Айта кетейік, өңірде су тасқыны кезінде табиғи апаттан Ақтөбе қаласы және алты ауданда төтенше жағдай жарияланды. Ойыл, Бірғыз ауылдарында үш ауыл түгел суға кетті. Қазір бұл жерлерде жаңа ауыл құрылысы басталды.

## ЖАРТЫ ТӘУЛІККЕ СОЗЫЛҒАН ТОЛАСКЕЗ



КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,  
Қызылорда

Таңғы сағат 06.30-дан кешкі 18.30 сағатқа дейін жалғасқан толаскез алдын ала барлық дайындығы мен сақтық шаралары жасалып жүргізілді. Ең алдымен сапа назарда ұсталатындығын білдірген Қызылорда жол дистанциясының бас инженері Ақыл Әбілдаев жұмыс жүретін аумақтың айналасына тұрғын үйлердің орналасуы және Қызылорда қаласы бойынша маңызды саналатын көпірдің үстінен өткізілетіндіктен сақтық шаралары да маңызды екенін білдірді.

Биылғы жылға Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі бойынша 43,16 шақырымда күрделі жөндеу жұмыстары белгіленсе, бүгінде ол қарқынды жүргізіліп жатыр. Күрделі жөндеуді аймаққа сапалы да сенімді жұмыстарын танылған Дәурен Сұлтамұратов басқаратын «Интегра констракшн» серіктестігі «Батыс» дирекциясының құрылысшылары басқарған теміржолшылар жүргізуде.

– Қараөзек-Қызылорда-Белкөл учаскесінде 9,37 шақырымдық

аумаққа күрделі жөндеу жұмыстары 18.30 сағатқа дейін жалғасқан орынбасары Батыр Мамедалиев, Аралбек Нұрмағанбетов, Бауыржан Жұманов секілді жасанды құрылыс шеберлерінің қатаң бақылауымен жүргізіліп жатыр. Жөндеу жұмыстарының бір парасы қос-қос жолақты автожол үстіндегі көпірден салынатындықтан алдын ала қорғаныс торлары орнатылып, қауіпсіздікке назар аударылуда, – деді жол төсемдерінің технологиялық талапқа сай төселуін қадағалап, толаскездің басы-қасында жүрген бас инженер Ақыл Әбілдаев.

Иә, көріп тұрғанымыздай, дайындықты алдын ала жүргізетін жол салушылар жұмысқа тас-түйін әзірленіпті. Жол жөндеу жұмыстары жоспарында көпір нысаны болғандықтан жөндеу кезінде тастың көпірден түсірілуі үшін қалқаншалардан, торлардан кедргерлер әзірленіпті. Көпір бөліктерінің бір-бірімен жанабатын тұстарына қосымша түйіспе тетіктері дәнекерленгенін жеткізген

Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыру мақсатында жазғы жол жөндеу жұмыстары қарқын алған кез. Қызылорда жол дистанциясының жолшылары 20 мамыр күні 12 сағаттық толаскез алып, Қараөзек-Қызылорда-Белкөл учаскесінде межеленген 9,37 км күрделі жөндеудің 1,1 шақырымына жол төсеп шықты.



Дәурен Сұлтамұратов учаскедегі күрделі жөндеу жұмыстары Жол машинасы станциясының директоры Әмірхан Жолдасбаевтың қатаң басшылығымен жүргізіліп жатқанын айтты.

– Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі бойынша биыл 43,15985 шақырымда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұған дейін Аққұм-Талапта – 4,5 км, Ақмая-Екпінді бекеттеріндегі басты жолдардың 7,0 шақырымына күрделі жөндеу жұмыстары сапалы аяқталып, пайдалануға берілген болатын. Бүгін міне, Қараөзек-Қызылорда-Белкөл учаскесіндегі 9,37 шақырым-

ның алғашқы 1 шақырымына жол төселіп жатыр. Әр толаскез кезінде бөлімше мен дистанция басшылығы тарапынан бақылаушы мамандар учаске басына келіп, жолдың технологиялық талаптарға сай салынуын бақылап, техникалық және еңбек қорғау талаптарының сақталуын назарда ұстайды. Жол салушы «Интегра констракшн» компаниясының «Батыс» филиалының тәжірибесі мол, сондықтан сапасына сенімдіміз, – дейді Магистральдық желі бөлімшесінің күрделі жөндеу жұмыстарының сапасын қабылдаушы Қайыржан Төлегенов.

Суретті түсірген автор

## МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Оқу жылы аяқталып, мектептер мен колледжд бітіруші түлектердің мамандық таңдау қажеттілігі туындады. Осыған орай ҚТЖ қызметкерлері жер-жерде кездесулер өткізіп, жастарға болат жолда еңбек етудің ерекшеліктерін түсіндіруде. Сондай бір кездесу М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясының Ақмола көлік колледжінде өтті.

Райхан РАХМЕТОВА,  
Астана



Жиынға студенттермен қатар мектеп бітіруші оқушылар да шақырылды. Оларға Астана-1 станциясының директоры Надырхан Қайсаров, Астана жол дистанциясы директорының орынбасары Сансызбай Беркенов, Астана белгі беру және байланыс дистанциясы директорының орынбасары Шоқан Баймолдаев өздері еңбек ететін үш сала бойынша кең түсінік беріп, кәсіби таныстырылым өткізді. Теміржол саласының 6 мамандығын оқытатын колледж студенттеріне әр сала өкілі өз жұмыс орнындағы еңбек жағдайы, жақшысы мен мансаптық өсу жолы туралы берген ақпаратты маңызды болғаны анық. Слайдтар арқылы Магистральдық желі дирекциясы туралы мәліметтер көрсетілді.

– Дистанция шпатында мыңнан астам адам еңбек етеді. Соның ішінде ең көп мамандар – жолшылар, яғни мыңның 700-ге жуығы жол монтерлері. Олардың жұмысын үйлестіретін жол шеберлері, бригадирлер, телім бастығы деген басшылық мамандықтар бар. Қызметкерлеріміз Ұжымдық шарт негізінде

көптеген әлеуметтік пакеттерге қол жеткізе алады, – деді С.Беркенов теміржолшылар пайдаланатын барлық жеңілдіктер туралы айтып берді. Сонымен қатар ол ҚТЖ-да жас мамандарды қолдап, дамуына септік ететін жобалармен де таныстырып өтті. Бүгінде Қазақстанда 45 жол дистанциясы бар екенін жеткізіп, түлектерді осы салада еңбек етуге шақырды.

Одан әрі сөз алған Ш. Баймолдаев теміржолдағы белгі беру және байланыс құралдарының қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ролі мен маңызына тоқталды.

– Пойыздар бір станция мен екінші станция

арасында қалай қозғалады деп ойлайсыздар. Оның бәрін пойыз диспетчері басқарып отырады. Ол қай жерде қандай пойыз кетіп бара жатқанын біліп, пойыздардың қозғалысын реттейді. Соның бәрін ол арнайы заманауи құрылғылар арқылы жүзеге асырады. Мәселен, диспетчер мен машинист радиобайланыс арқылы хабар алысады. Сондай байланыс құрылғыларының бәрін жөндеп, жұмысын жүргізетін, жарамдылығын қадағалайтын біздің мамандар, электр механиктері мен монтерлер, – деді ол түлектерді осы салада білім алып, еңбек етуге шақырды.

Ал станция бастығы Н.Қайсаров нақты теміржолшы болам деген азаматтар ғана бұл салада жетістікке жететінін айтып, Астана-1 станциясының жұмыс ерекшеліктерімен таныстырды. Сонымен қатар бүгінгі таңда теміржолға жұмысқа кіру үшін арнайы job.railways.kz порталы жұмыс істеп тұрғанын жеткізді.

Колледж директорының орынбасары Бибіжан Аймағамбетованың айтуынша, жылғы бұл оқу орнын 270-350 түлек бітіріп шығады. Олар бұл оқу орнында электрмен қамтамасыз ету, автоматика, телемеханика және теміржол көлігіндегі қозғалысты басқару, темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету, теміржол құрылысы, жол және жол шаруашылығы, теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару және басқа да салаларда тегін білім алады. Сонымен қатар жолсеріктер дайындау бойынша қысқармауында курстар өткізіледі.

Суретті түсірген автор

## ТЕМІР ТҰЛПАРЛАР ТҮРЛЕНУДЕ



БАЙҚАУ

Шахида ЖҰМАН,  
Маңғыстау

Маңғыстау локомотив пайдалану депосының паркінде бүгінде елуге жуық тепловоз бар. Дегенмен оның тек 31-і ғана көктемгі комиссиялық байқаудан өтуі жоспарланған.



Қалғандарының бұл байқауға қатыстырылмау себебі неде және оларды жазғы маусымға дайындау жұмыстары қалай жүріп жатыр, т.т. сауалдарға жауапты жөндеу бөлімінің басшысынан алдық.

Деподағы көктемгі комиссиялық байқау 10 сәуірде басталған, мамыр айының соңына дейін жалғасады. Байқау барысында парктегі 46 тепловоздың 31-і көктемгі комиссиялық байқаудан өтуде. Олар 15 – 2ТЭ10МК, 11 – ТЭМ-2 және 5 – ТЭ33А тепловоздары. Комиссиялық байқаудың алдын ала отырысы бойынша қажетті жоспар бекітіліп, аталған жұмыстарды жүзеге асыратын шебер локомотив бригадалары таңдалған. Бригада мүшелері Маңғыстау депосында байқаудан өтетін тепловоздарды жуып, тазалап, кузов, капот, жүріс бөлігін сырлап, ішкі сыртқы әрін келтіру жұмыстарын жүргізуге жауапты. Әр тепловозға тиісінше

локомотив бригадалары бекітілген. Соның нәтижесінде жұмыс сапалы әрі уақытылы орындалуда екен.

– Комиссиялық байқауға жіберілетін 2ТЭ10МК сериялы 15 тепловозға Мақат,

Шалқар, Сексеуіл, Ақтөбе деполарында СО-1,2,3 сервистік қызметтері көрсетіледі. Ал ТЭМ-2 сериялы 11 тепловозға жергілікті «Ғасыр-Маңғыстау» ЖШС депосында техникалық қызмет көрсетіледі. Қалған ТЭ33А сериялы 5 тепловоз болса, Маңғыстау депосынан комиссиялық байқаудан өтеді. Қазірге дейін 2ТЭ10МК сериялы 14 тепловоз комиссиялық байқаудан өтті. Арыс қаласында іссапарда жүргендіктен бір тепловоз әзірге өткен жоқ. ТЭМ сериялы тепловоздардың бәрі түгел комиссиялық байқауға ағытылды. Бүгінде оның тек екеуі жөнделіп жатыр, қалғаны толық даярлығын алды. ТЭ33А маркалы тепловоздың бесеуі де комиссиялық байқаудан өтіп, жолсапарда жүр, – деп мәлімет берді Маңғыстау локомотив депосының жөндеу бөлімінің басшысы Сәбит Зияев.

Сондай-ақ айтуынша комиссиялық байқаудан өтпейтін 15 тепловоз бар. Олардың байқаудан өтпеу себебі олардың СО-4,5 және ТО-7,8 күрделі жөндеуге жоспарлануына байланысты. Мұндай жөндеу жүргізу барысында локомотивтердің барлық агрегаттары мен бөлшектері ауыстырылады. Сондықтан ондай жөндеуден өткен тепловоздарға комиссиялық байқау жүргізілмейді. Ал жоғарыдағы 15 тепловоз биыл осы аталған үлкен жөндеуден өткен екен.

Суретті түсірген автор

## Обучение

## СОЮЗ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ

На предприятиях Алматинского отделения магистральной сети состоялся День открытых дверей для студентов АЛТ Университета имени М. Тынышпаева и колледжа. В этот раз учащиеся посетили алматинские дистанции пути и электроснабжения.

Елена КОЛДАСБАЕВА,  
Алматы

Будущим специалистам путевого хозяйства показали диспетчерскую, студенты ознакомились с работой производственно-технического отдела, где им объяснили все этапы работы. Это позволило студентам лучше понять важность и значимость работы в путевом хозяйстве. Они посетили кабинет охраны труда, где мастер производственного обучения Нуржан Анарбеков рассказал о том, как проходят занятия по технической учебе.

Стоит отметить, что в данный момент в Алматинской дистанции пути проходит производственную практику девять студентов третьего курса кафедры «Строительная инженерия» по специальности «железнодорожный путь и путевое хозяйство» и девять студентов на станции Достык. Ребята работают монтажниками пути, бывают на перегонах, изучают средства малой механизации,



получают заработную плату, словом, изнутри изучают нелегкую, но нужную профессию путевого хозяйства.

– Практика позволит нашим студентам глубже вникнуть в профессию и понять все ее тонкости,

Фото автора

## ПЕРЕДВИЖНАЯ ШКОЛА ЗНАНИЙ

На станции Караганда-Сортировочная состоялся выездной тренинг, организованный силами внутренних тренеров АО «НК «КТЖ», в рамках концепции передвижной школы развития «Білім экспрессі».



Светлана МОГАЙ,  
Караганда

Мероприятие прошло по следующему тематиком: стрессоустойчивость, эффективные коммуникации, управление конфликтами, бережливое производство и клиентоориентированность.

По словам организаторов, тренинг направлен на развитие компетенций работников линей-

ного уровня для эффективности деятельности и конкурентоспособности компании.

В большей степени он проходил в игровой форме с подробным анализом и разбором различных ситуаций. В практической части тренеры старались задействовать всех работников, а в лекционной приводились кейсы из жизни, которые с интересом воспринимались аудиторией.

В ходе тренинга значимый акцент был сделан на искусстве ораторского мастерства. В качестве живого примера рассматривался экс-президент США Барак Обама, который по сей день считается мастером по уменью расположить к себе внимание аудитории благодаря тому, что затрагивает волнующие вопросы, заранее предчувствует, о чем подумает аудитория, умеет делать паузы и в совершенстве владеет языком жестов. Также рассматривалась схема передачи информации и активного слушания.

По словам HR-бизнес-партнера департамента управления человеческими ресурсами Алматы Саулебаевой, проект «Білім экспрессі» продолжается, и экспресс знаний остановился на станции Караганда-Сортировочная.

– Сегодня мы привезли в Караганду четыре тренинга и готовы

поделиться ими с нашими коллегами. Надеюсь, что они помогут им не только в работе, но и в личной жизни – в общении с близкими, родными, а также в кругу семьи. Именно так происходит развитие личностно-деловых качеств, – рассказывает она. – В прошлом году «Білім экспрессі» был запущен на региональном уровне, а в этом на линейном. На мой взгляд, благодаря тренингам наши работники смогут извлечь полезные моменты.

Также по словам Алматы Саулебаевой, для нее будет большой победой если люди начнут изучать дополнительную литературу, извлекая что-то полезное, которое смогут в дальнейшем применить на практике.

